



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
2022 жылғы түлектеріне жүргізілген сауалнаманың нәтижелері**

Атырау – 2022ж.

Ұсынымдар

Жалпы саны 71 университет түлектерін қамтыған әлеуметтік сауалнама университетіміздің барлық түлектерінің 3,4% құрады.

1. Түлектермен жүргізілген сауалнама деректері университеттегі жоғары кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауда төмендегі жайттарды көрсетті:

Түлектердің басым көпшілігі 90,4% университетінің оқу сапасына қанағаттанатындарын көрсеткен. Сондай-ақ түлектердің өздері Университетте оқудың мынадай жағдаяттарына қанағаттанбайтындығын атап өтеді: оқу аудиторияларындағы температуралық режим (жылы және суық уақытта), интернетке қолжетімділік және жатақхана жағдайлары. Сондықтан осы аталған мәселелерді шешу басқарма үшін өте маңызды. Аталған себептерге байланысты жоғары оқу орнының әкімшілігі студенттердің қанағаттанбауының осы тұстарына үлкен көңіл бөлуі қажет.

2. Білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлықтың таралу болжамдарын респонденттердің көпшілігінің «аздап» және «айтарлықтай, бірақ, азайып келеді» нұсқаларының таңдалуына байланысты өлшеуге болады. Айтакетейік, өткен жылмен салыстырғанда бұл бағыттағы көрсеткіштер біршама төмендеп жақсы нәтижелерге жақындаған.

3. Түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша, біріншіден, сауалнамаға қатысқан түлектеріміздің 56,2% қазіргі уақытта жұмыс істейді және мамандық бойынша жұмысқа келісімі бар 12,3%. Сонымен қатар: мамандық бойынша жұмыс іздеген, бірақ таба алмаған түлектеріміз - 12,3%, ал, мамандығы бойынша жұмыс істегісі келмейтіндер - 5,5%. Сонымен қатар, мамандығы бойынша жұмыс әлі іздемегендер - 11%, осылардың қатарында мамандықтары бойынша магистратурада оқуларын жалғастырушылар – 6,8% құрап отыр. Айта кетейік, бұл үлкен көрсеткіш емес, яғни университет түлектерінің басым бөлігі үшін жұмыспен қамту мәселесі шешілмеген мәселе болып отыр. Яғни, жұмысқа орналаспаған жастар арасында масылдық пен NEET санатындағы, яғни оқымайтын, жұмыс жасамайтын, өз біліктіліктерін көтермейтін жастар қатарының көбеймеуі үшін университетке өзінің имиджі туралы ойланудың маңызы зор.

4. Студенттердің жемісті білім алуына кедергі келтіретін себептер: қосымша жұмыс сабақтан тыс уақыттағы (сұралғандардың 39,7%); нашар денсаулық (17,8%); қарапайым жалқаулық (17,8%); ауылға жиі бару/қайту (Атырау қаласынан тыс) (24,8%); бос уақытының ұйымдастырылмауы (13,7%), оны университет толықтай бақылай алатыны анық.

2020 жылғы түлектер сауалнамасының материалдарымен жұмыс істеу бойынша келесі ұсыныстарды енгіземіз:

- Бірінші. Электрондық нұсқа университеттің барлық құрылым-бөлімшелеріне жіберіледі.
- Екінші. Университеттің Директорлар кеңесінде және ЖОО-ның Ғылыми кеңесінде жүргізілген сауалнама қорытындылары туралы қысқаша ақпарат.
- Үшінші. Материалдарды Университет сайтында жариялау.

Сапа мониторингі кеңесі

